

"Қазақстан Республикасы, Түркіменстан және Өзбекстан Республикасы арасындағы Үш мемлекеттің мемлекеттік шекаралары түйісу нүктесінің ауданы туралы шартқа қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 8 маусымдағы N 522 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы, Түркіменстан және Өзбекстан Республикасы арасындағы Үш мемлекеттің мемлекеттік шекаралары түйісу нүктесінің ауданы туралы шартқа қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАРЛЫҒЫ Қазақстан Республикасы, Түркіменстан және Өзбекстан
Республикасы арасындағы Үш мемлекеттің мемлекеттік шекаралары
түйісу нүктесінің ауданы туралы шартқа қол қою туралы**

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы, Түркіменстан және Өзбекстан Республикасы арасындағы Үш мемлекеттің мемлекеттік шекаралары түйісу нүктесінің ауданы туралы шарттың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Түркіменстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Мұрат Марданұлы Атановқа Қазақстан Республикасының атынан қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы, Түркіменстан және Өзбекстан Республикасы арасындағы Үш мемлекеттің мемлекеттік шекаралары түйісу нүктесінің ауданы туралы шартқа 1 және 2 -қосымшаларымен бірге (2-қосымша - құпия) қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ, ТҮРІКМЕНСТАН ЖӘНЕ ӨЗБЕКСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ҮШ МЕМЛЕКЕТТІҢ**

МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРАЛАРЫ ТҮЙІСУ НҮКТЕСІНІҢ АУДАНЫ ТУРАЛЫ ШАРТ

Бұдан әрі Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасы, өзара құрмет тұту, егеменді теңдік және аумақтық тұтастық принциптерін б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п , үш мемлекеттің Мемлекеттік шекаралары түйісу нүктесінің орналасқан жерін белгілеу және түйісу нүктесінің ауданындағы Мемлекеттік шекараларды д е л и м и т а ц и я л а у м а қ с а т ы н д а , төмендегілер туралы уағдаласты:

1-БАП

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар бұдан әрі түйісу нүктесі деп аталатын Қазақстан Республикасы, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік шекаралары түйісу нүктесінің орналасқан жерін айқындады.

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы түйісу нүктесінен Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының арасындағы Мемлекеттік шекара сызығының өту сипаттамасында (2001 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының арасындағы қазақстан-өзбек Мемлекеттік шекарасы туралы шартқа N 1 қосымша) аталған N 125 шекаралық нүктеге дейінгі қазақстан-өзбек Мемлекеттік шекарасының өту сызығын айқындады.

Түрікменстан мен Өзбекстан Республикасы түйісу нүктесінен Түрікменстан мен Өзбекстан Республикасының арасындағы Мемлекеттік шекара сызығының өту сипаттамасында (2000 жылғы 21 қыркүйектегі Түрікменстан мен Өзбекстан Республикасының арасындағы Мемлекеттік шекараны делимитациялау туралы шартқа N 1 қосымша) аталған N 206 шекаралық нүктеге дейінгі түрікмен-өзбек Мемлекеттік шекарасының өту сызығын айқындады.

Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан түйісу нүктесінен Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы Мемлекеттік шекара сызығының өту сипаттамасында (2001 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Түрікменстанның арасындағы Мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау процесс туралы шартқа N 1 қосымша) аталған N 1 шекаралық нүктеге дейінгі қазақстан-түрікмен Мемлекеттік шекарасының өту сызығын айқындады.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар осы Шартқа қоса беріліп отырған және оның ажырамас бөлігі болып табылатын Қазақстан Республикасы, Түрікменстан және

Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесінің орналасқан жерінің және түйісу нүктесі ауданында Мемлекеттік шекаралар сызықтары өтуінің сипаттамасын жасады (1-қосымша).

2-БАП

Түйісу нүктесінің орналасқан жері мен түйісу нүктесіне жанасып жатқан Мемлекеттік шекаралар сызықтары әрбір Мәртебелі Уағдаласушы Тарап үшін орыс тілінде әзірленген, осы Шартқа қоса ұсынылып отырған және оның ажырамас бөлігі болып табылатын, бірлесіп жасалған 1:100 000 масштабтағы топографиялық картаға түсірілген.

3-БАП

Осы Шарт бекітілуге жатады және бекіту грамоталарымен алмасқан күннен бастап күшіне енеді.

Осы Шарт мерзімсіз болып табылады және күшін жоюға жатпайды.

_____ қаласында _____ жылғы " " _____ әрқайсысы қазақ, түрікмен, өзбек және орыс тілдерінде үш данада жасалды.

Осы Шарттың ережелерін түсіндіру кезінде пікір алшақтығы туындаған жағдайда, Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Қазақстан Республикасы Түрікменстан Өзбекстан Республикасы
үшін үшін үшін

Қазақстан Республикасы, Түрікменстан
және Өзбекстан Республикасының
арасындағы үш мемлекеттің
Мемлекеттік шекаралары түйісу
нүктесінің ауданы туралы шартқа

N 1 қосымша

**Қазақстан Республикасы, Түрікменстан және Өзбекстан
Республикасының Мемлекеттік шекаралары түйісу нүктесінің
орналасқан жерінің және түйісу нүктесі ауданында
Мемлекеттік шекаралардың өту сызығының
сипаттамасы**

Бұдан әрі түйісу нүктесі деп аталатын Қазақстан Республикасы, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесі Қапланқыр шыңынан оңға қарай Шорқазақлы сортаңының солтүстік бөлігіне орналасқан.

Осы түйісу нүктесі Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан 174.4

белгісі бар геодезиялық пункттен оңтүстік-оңтүстік-шығысқа қарай 12 319 м-де, Өзбекстан Республикасы аумағында орналасқан 170.2 белгісі бар геодезиялық пункттен оңтүстікке қарай 7 806 м-де және Түрікменстан аумағында орналасқан 13.2 белгісі бар геодезиялық пункттен солтүстік-шығысқа қарай 10 498 м-де орналасқан.

Түйісу нүктесіне қатысты дирекциондық бұрыш 174.4 белгісі бар геодезиялық пункттен $152^{\circ} 01' 6''$ -ға тең, 170.2 белгісі бар геодезиялық пункттен $187^{\circ} 07' 9''$ -ға тең және 13.2 белгісі бар геодезиялық пункттен $43^{\circ} 05' 8''$ -ге тең.

Түйісу нүктесінің мынадай координаттары бар:

геодезиялық: солтүстік ендіктің $B = 41^{\circ} 19' 11''$
шығыс бойлықтың $L = 56^{\circ} 00' 00''$
тік бұрышты: $X = 4\ 576\ 644\ \text{м}$
 $Y = 10\ 416\ 271\ \text{м}.$

Түйісу нүктесінен қазақстан-өзбек Мемлекеттік шекарасы шығыс бойлықтың $56^{\circ} 00' 00''$ меридианы бойынша 1.50 км ұзақтықта Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының арасындағы Мемлекеттік шекара сызығының өту сипаттамасында (2001 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының арасындағы қазақстан-өзбек Мемлекеттік шекарасы туралы шартқа N 1 қосымша) аталған N 125 шекаралық нүктеге дейін солтүстік бағытта тіке сызықпен өтеді.

Түйісу нүктесінен түрікмен-өзбек Мемлекеттік шекарасы 1.75 км ұзақтықта Түрікменстан мен Өзбекстан Республикасының арасындағы Мемлекеттік шекара сызығының өту сипаттамасында (2000 жылғы 21 қыркүйектегі Түрікменстан мен Өзбекстан Республикасының арасындағы Мемлекеттік шекараны делимитациялау туралы шартқа N 1 қосымша) аталған N 206 шекаралық нүктеге дейін шығыс бағытта тіке сызықпен өтеді.

Түйісу нүктесінен қазақстан-түрікмен Мемлекеттік шекарасы 0.28 км ұзақтықта Қазақстан Республикасы мен Түрікменстанның арасындағы Мемлекеттік шекара сызығының өту сипаттамасында (2001 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Түрікменстанның арасындағы қазақстан-түрікмен Мемлекеттік шекарасын делимитациялау мен демаркациялау процесі туралы шартқа N 1 қосымша) аталған N 1 шекаралық нүктеге дейін батыс бағытта тіке сызықпен өтеді.

Бұдан әрі Мемлекеттік шекаралар сызықтары тиісті екі жақты шарттарда қалай айқындалған болса, солай өтеді.

Түйісу нүктесінің орналасқан жері бірлесіп жасалған 1:100 000 масштабтағы топографиялық картада қызыл түсті шеңбермен көрсетілген.

Бірлесіп жасалған топографиялық картаға түйісу нүктесіне жанасып жатқан Мемлекеттік шекаралар сызығы да қызыл түспен түсірілген.

Осы Сипаттамада көрсетілген арақашықтықтар, дирекциондық бұрыштар, биіктіктер белгілері, сондай-ақ түйісу нүктесінің геодезиялық және тік бұрышты

координаттары бірлесіп жасалған топографиялық карта бойынша белгіленген. Координаттар 1942 жылғы Координаттар жүйесіне, ал белгілер Балтық биіктіктері жүйесіне келтірілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК